

Стандартты ескертпелер

Стандартты ескертпелер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады¹, сондай-ақ Шарт талаптарын келесілер тұрғысынан анықтайды және қамтиды:

- құпиялылық;
- санкциялар;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы ереже;
- еңсерілмейтін күш жағдайлары;
- коммуникациялар;
- қолданылатын құқық және соттылық.

Ескертпелердің мәтіні бойынша «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ) — «Банк» деп, ал Банктің клиенті/агенті/контрагенті — «Тұлға» деп, ал бірге аталған кезде «Тараптар» деп аталады.

Стандартты ескертпелердің ережелері Шарттағы тиісті сілтемеге байланысты Тараптардың қатынастарына қолданылады. Егер Шартта өзге талаптар көзделген болса, Тараптардың қатынастарына Шарттың талаптары қолданылады.

Тараптар арасында жасалған Шартта Тұлға жөнінде мыналар куәландырылған:

1) Стандартты ескертпелермен толық көлемде, қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз танысты және келіседі;

2) Стандартты ескертпелерді орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың ықтимал жағымсыз салдарымен келіседі;

3) Банк Стандартты ескертпелердің ережелерін өз бетінше айқындайтынына және оларды Банктің <https://berekebank.kz> интернет-ресурсында орналастыратынына және оларды біржақты тәртіппен толықтыра/өзгерте алатынына келісім білдіреді.

Бұл ретте Банк ережелерге енгізілген өзгерістер туралы өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей Банктің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін, Тараптар өзгертілген редакцияны қабылдайды;

4) Стандартты ескертпелерде оның қолтаңбасының жоқтығына оның Стандартты ескертпелерді алмауының/оқымауының, түсінбеуі мен қабылдамауының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқығы жоқ.

1. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

1.1. Тараптар құпия ақпаратты* кез келген түрде бір-біріне береді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Құпия ақпарат Шарт бойынша Тараптардың адал өзара іс-қимылы үшін пайдаланылады.

[*Құпия ақпарат – тараптардың дербес деректерін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын құпияның басқа түрлерін қоса алғанда, кез келген мәліметтер мен ақпарат және мұндай ақпараттың немесе деректердің құпиялылық мөрімен – мұндай мәліметтер мен ақпараттың құпиялылығын көрсететін кез келген айқын белгімен таңбаланғанына не таңбаланбағанына қарамастан, шарттық қатынастар кезеңінде Тараптар бір-бірімен кез келген тәсілмен алмасатын Банктегі басқа да қорғалатын ақпарат].

1.2. Құпия болып табылмайтын ақпаратқа мыналар жатады:

(1) жалпыға қолжетімді көздерден белгілі;

(2) егер ақпарат құпиялылықты бұзбай алынған болса, үшінші тұлғалардан алынған;

¹ Шарт – Стандартты ескертпелерге сілтемесі бар, Банк пен Тұлға арасындағы шарт/келісім.

Күмән туындаған жағдайда, ақпарат Тараптар келіспейінше немесе өзгесі дәлелдемейінше құпия болып саналады.

1.3. Тараптар бір-біріне мыналар жөнінде кепілдік береді:

(1) жіберілетін ақпарат үшінші тұлғалардың құқықтарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде дербес деректерді қорғау саласындағы талаптарын бұзбайды және тиісті түрде рәсімделген құқықтарға, рұқсаттар мен келісімдерге (дербес деректер субъектілерінің келісімін қоса алғанда) ие;

(2) құпия ақпаратпен алмасу кезінде мұндай алмасу қорғау шараларын қолдана отырып жүзеге асырылады.

(3) Шарт, соның ішінде Стандартты ескертпелер екінші Тараптың зияткерлік меншігіне (кез келген патенттер, сауда белгілері және авторлық құқықпен қорғалатын зияткерлік қызметтің нәтижелері) кез келген құқықтарды беру ретінде түсіндірілмейді (анық немесе жанама);

(4) Тараптың атынан үшінші тұлға екінші Тарапқа тиесілі кез келген атауға, логотипке, сауда белгісіне, сауда атауына, стильге немесе дизайнға немесе кез келген шатастырылатын ұқсас атауларға, логотиптерге, сауда белгілеріне, сауда атауларына, стильдерге немесе дизайнға кез келген құқықтарды талап етпейді;

(5) құпия ақпаратты өз қажеттіліктері үшін немесе өз мүдделері үшін пайдаланбайды, қолданбайды немесе басқа жолмен иемденбейді немесе құпия ақпаратты жіберуші Тараптың қызметіне зиян келтіретіндей пайдаланбайды.

1.4. Тараптар мыналарға міндеттенеді:

(1) ақпараттың құпиялылығын сақтау және оны рұқсатсыз қол жеткізуден, беруден және таратудан қорғау үшін қажетті шараларды қолдану;

(2) Тараптар арасындағы өзара іс-қимыл процесіне қатысатын адамдардың ең аз санына құпия ақпаратқа қолжетімділік беру;

(3) құпия ақпаратты беру немесе мұндай ақпаратты талқылау фактісін, Шарт жасасу бойынша Тараптар арасындағы келіссөздер жүргізуді, сондай-ақ Шарттың мазмұнын жария етпеу;

(4) Құпия ақпаратты Шарт бойынша Тараптар арасындағы өзара әрекеттесу мақсатында ғана пайдалану;

(5) құпия ақпаратты жіберуші Тараптың келісімімен ғана үшінші тұлғаларға ашу/беру.

Ерекшелік. Алушы Тарап оны мына жағдайларда ашқан жағдайда, келісім талап етілмейді:

(а) өзінің үлестес тұлғаларына, алушы Тарап оған қызмет көрсету үшін жалдаған немесе жалдайтын тұлғаларға (Үшінші тұлғалар), егер мұндай Үшінші тұлғалар құпиялылық талаптарын сақтауды қамтамасыз ететін болса, сондай-ақ ақпаратты мұндай ашу және/немесе жіберу үшінші тұлғалардың, оның ішінде жеке деректер субъектілерінің құқықтарын, сондай-ақ заң талаптарын бұзбайтын болса;

(ә) соттардың немесе уәкілетті органдардың/тұлғалардың сауалдарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының және/немесе жіберуші Тарап тіркелген елдің заңнамасында көзделген жағдайларда.

1.5. Құпиялылықты бұзу салдары

Нақты залал келесі жағдайларда өтелуі тиіс:

(1) егер алушы Тарап және/немесе үшінші тұлғалар құпиялылықты сақтау талаптарын бұзса, алушы Тарап өтейді;

(2) егер бұрын берілген кепілдіктер жарамсыз деп танылса, Тарап өтейді;

(3) егер жіберуші Тарапқа байланысты алушы Тарапқа дербес деректер мен оларды қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін санкциялар қолданылса, жіберуші Тарап өтейді.

1.6. Тараптар Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі бойы және Шарт тоқтатылғаннан кейін 5 жыл ішінде Құпия ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

Шарт тоқтатылғаннан кейін, жіберуші Тараптың талабы бойынша алушы Тарап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей мына әрекеттерді жасауға міндетті: (1) барлық құжаттарды екінші Тарапқа қайтару; (2) құжаттардың электрондық көшірмелерін жою және жойылғанын растайтын құжатты ұсыну.

Ішкі және сыртқы аудиттер, уәкілетті органдардың тексерулері мақсатында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда (соның ішінде шектеусіз) құпия ақпаратты сақтау қажеттілігіне байланысты бұл мүмкін болмаса, алушы Тарап құжаттарды қайтармайды және құпия ақпаратты жоймайды.

2. САНКЦИЯЛЫҚ ЕСКЕРТПЕ

2.1. Тұлға мыналарды растайды және кепілдік береді:

(1) Тұлғаға (оның акционерлеріне/қатысушыларына, басшыларына, соңғы бенефициарларына, контрагенттеріне) қарсы Санкциялар қолданылмаған²;

(2) жоғарыда аталған тұлғалар Санкциялар режимін сақтайды.

2.2. Тұлғаға, оның акционерлеріне/қатысушыларына, басшысына, соңғы бенефициарларына Санкциялар қолданылған/қолдану қаупі болған немесе көрсетілген тұлғалар Санкциялар режимін бұзған жағдайда, Банк Шартты бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 күн бұрын хабарлама жіберу арқылы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

2.3. Банкке Санкциялар қолданылған жағдайда, Банктің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы тоқтатылуы/шектелуі мүмкін, оның ішінде Тұлғаның немесе оның пайдасына кейбір банктік операциялары қолжетімсіз болуы мүмкін немесе Банк оларды орындаудан бас тартуға құқылы.

2.4. Егер Банк Тұлғаға қызмет көрсетсе, онда:

2.4.1. Банк Санкциялар негізінде Тұлғаның немесе оның пайдасына жасалған мәмілелерді блоктауға/операцияларды жүзеге асырудан бас тартуға, сондай-ақ кез келген осындай операциялар туралы уәкілетті органдарды/тұлғаларды хабардар етуге құқылы.

2.4.2. Банк, соның ішінде мәміленің бенефициары санкцияланған тұлға болған кезде, Банктің корреспондент-банктерінің/делдалдық банктердің/басқа ұйымдардың Санкциялар негізінде тұлғаны аударуды уақтылы орындамағаны және/немесе оның ақшасына/активтеріне тыйым салғаны үшін жауап бермейді.

2.5. Осы бапта көзделген жағдайларда Банк Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, кез келген жағымсыз салдар үшін жауапкершіліктен босатылады.

3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ

3.1. Шарт шеңберінде Тараптар (олардың қызметкерлері мен өкілдері) мыналарға міндеттенеді:

3.1.1. Сыбайлас жемқорлық деп бағалануы мүмкін әрекеттерге ешбір жолмен қатыспау³.

² Санкциялар – бір мемлекеттің немесе оның басқару органдары мен лауазымды тұлғаларының басқа мемлекеттің мүдделері мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін халықаралық құқыққа қайшы әрекетіне немесе достыққа жатпайтын іс-әрекетіне дереу ден қоюды талап ететін мән-жайлардың жиынтығы, арнайы экономикалық шараларды белгілейтін және (немесе) оның азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін (немесе) саяси-экономикалық себептермен тыйым салатын (немесе) саяси-экономикалық шаралар және (немесе) белгілі бір мемлекетке және (немесе) ұйымдарға және азаматтарға, сондай-ақ белгілі бір мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты іс-әрекеттер жасауды шектеу және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасау міндетін жүктейді. Осы құжаттың мәнмәтінінде БҰҰ, ЕО, АҚШ, Ұлыбритания салған санкциялар айтылады).

³ Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді: пара беру/алу, коммерциялық пара алу, пара беру/коммерциялық пара алуда делдалдық, билікті асыра пайдалану, заңсыз сыйақы алу, сондай-ақ негізсіз пайдалар мен артықшылықтарды алу немесе сақтап қалу мақсатындағы немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық заңнаманың талаптарын бұзатын басқа да әрекеттер (әрекетсіздік).

3.1.2. Мүдделер қақтығысына немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне әкеп соғуы мүмкін кез келген жағдайлар туралы бір-бірін хабардар ету және олардың алдын алуға көмектесу.

3.2. Егер Тарап екінші Тараптың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы аталған бапты бұзғанын анықтаса, ол бұзушылық туралы дәлелдемелерді ұсына отырып, екінші Тарапты дереу жазбаша хабардар етуге міндетті. Алушы Тарап хабарламаны қарайды және күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей жауап береді. Егер Тарап хабарламамен келіспесе, ол дәлелдемелермен бірге жазбаша қарсылық беруге міндетті.

3.3. Бұзушылықтың жоқтығы расталмаса, Тарап жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұза алады.

3.4. Бұл міндеттемелер Шартқа қол қойылғанға дейін туындаған, бірақ онымен байланысты қатынастарға таралады.

4. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ (ФОРС-МАЖОР)

4.1. Форс-мажорлық жағдайлардың туындауына байланысты Шартты орындамау/тиісінше орындамау үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Оларға төтенше және болмай қоймайтын оқиғалар, тәртіпсіздіктер, кез келген сипаттағы шектеулер/тыйымдар, эпидемиялар/пандемиялар, бағдарламалық құралдың ақаулары, электр қуатының үзілуі, байланыс желілерінің зақымдануы және Тараптардың бақылауынан тыс басқа да жағдайлар жатады. Тараптың салғырттығынан немесе кінәсінен, сондай-ақ әрекетсіздіктен туындаған әрекеттер оларға қолданылмайды.

4.2. Егер мұндай жағдайлар туындаса:

- міндеттемелерді орындау мерзімі олардың қолданылу мерзіміне пропорционалды түрде шегеріледі және олар тоқтатылғаннан кейін қайта жалғасады;

- Тараптар дереу бір-бірін хабардар етіп, дәлелдемелерді ұсынады. Жалпыға белгілі жағдайлар хабарлауды/дәлелдеуді қажет етпейді;

- Олар күнтізбелік 30 күннен астам жалғасатын болса, Тараптар өзара келісім бойынша Шартты бұзуға құқылы (мүдделі Тарап хабарлама жібереді).

5. КОММУНИКАЦИЯ

5.1. Егер Шартта басқа тәсіл тікелей көзделмесе, Тараптар бір-біріне хабарламаларды/хабарларды келесі тәсілдермен, бірақ олармен шектелмей жібереді: пошта мекенжайы, электрондық пошта мекенжайлары, Қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі (*техникалық мүмкіндік болса*). Тұлғаға хабарлама жіберу форматын, түрін және тәсілін Банк өз бетінше анықтайды.

5.2. Тұлға Банкке ақпаратты беруіне келісім береді және Банк ашық байланыс арналары арқылы жіберетін ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелін түсінетінін растайды және осындай тәуекелді өзіне қабылдайды.

5.3. Банк құпиясын қамтымайтын хабарламаларды Банк <https://berekebank.kz> сайтында және Банктің қалауы бойынша Банктің ресми беттерінде орналастырады.

5.4. Жіберілген хабарламаны екінші тарап мына жағдайларда алған болып есептеледі:

- 1) шабарман (курьер) арқылы жіберген кезде – алған күні белгімен;
- 2) тапсырыс хатпен жіберген кезде – жібергеннен кейін күнтізбелік 4-ші күні (пошта берген құжаттың күні бойынша);
- 3) Банктен SMS-хабарлама/ Push-хабарлама жіберген кезде – жіберілген күні;
- 4) электрондық пошта арқылы жіберген кезде – жіберілген күні;

5) Қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі арқылы жіберген кезде – жіберілген күні.

6. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ СОТТЫЛЫҚ

6.1. Шарт бойынша Тараптардың қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

6.2. Шартты орындауға қатысты Тараптар арасындағы кез келген даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер немесе жазбаша кінәрат-талаптар жіберу арқылы шешіледі. Кінәрат-талапты қарау мерзімі:

- Банк: Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде;
- Тұлға: алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде.

6.3. Тараптар келісімге келе алмаған жағдайда, дау Банктің қалауы бойынша Шарт жасасқан Банктің Орталық кеңсесінің немесе филиалының орналасқан жері бойынша сотта қаралады.

«Bereke Bank» АҚ (Leshan Bank LLC (Public) ЕБ)

БСН 930740000137

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050059,

Бостандық ауданы, Өл-Фараби даңғылы, 13/1-үй

Банктің интернет-сайты: <https://berekebank.kz>

Электронды мекенжайы: post@berekebank.kz

Банктің байланыс орталығы +7 (727) 250-30-20 (қалалық телефоннан қоңырау шалу үшін), 5030 (ұялы телефоннан қоңырау шалу үшін)